

"Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін құжаттардың нысандарын және оларды толтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 394 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 3 қарашада № 14391 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 9 тамыздағы № 319 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 09.08.2021 № 319 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін құжаттардың нысандарын және оларды толтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 115 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10903 болып тіркелген, 2015 жылы 4 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 103 (25581) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, I, II және III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат бланкісінің нысанында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. I, II және III санаттағы объектілерге арналған осы Рұқсаттың қолданылу кезеңіне Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 17 маусымдағы "Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының және осы жоспардың орындалуы туралы есеп нысандарын бекіту туралы" № 252 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13984 болып тіркелген) сәйкес бекітілген нысан бойынша келісілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысымен қарастырылған жобалау құжаттамасымен белгіленген қоршаған ортаға эмиссияларды төмендету іс-шараларын орындау.

I, II және III санаттағы объектілерге арналған Рұқсаттың қолданылу мерзімі _____ жылдан _____ жылға дейін.";

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"*I, II және III санаттағы объектілерге арналған осы Рұқсатта белгіленген жалпы эмиссиялар көлемі және ингредиенттер (заттар) бойынша эмиссиялар лимиттері осы I, II және III санаттағы объектілерге арналған Рұқсаттың кезеңіне қолданылады және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін құжаттардың нысандарын толтыру қағидаларының 19-тармағында көрсетілген формула бойынша есептеледі.

I, II және III санаттағы объектілерге арналған Рұқсат қолданыстағы технологиялардың және осы Рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттары өзгергенге дейін қолданыста болады.

осы I, II және III санаттағы объектілерге арналған Рұқсаттың 1, 2 қосымшалары және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары осы I, II және III санаттағы объектілерге арналған Рұқсаттың ажырамас бөлігі болып табылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін құжаттар нысандарын толтыру қағидаларында:

11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-тармақтар алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмелерін мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек _____

2016 жылғы 7 қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Қ. Бишімбаев _____

2016 жылғы 28 қыркүйек